

ЕСЕП

Аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін 1–2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту мақсатында жүргізілген жұмыс туралы

Әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларын мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыру мақсатында біздің мектепке дейінгі үйымымызда көпбалалы, аз қамтылған және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау көрсету бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

1. Консультациялық қолдау:

Мектепке дейінгі үйымда 1–2 жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт жұмыс істейді.

Бұл бағытта:

Ата-аналармен жеке кездесулер мен әңгімелесу жұмыстары жүргізіледі;

Ерте жастағы баланың дамуы, күн тартібі, тамақтануы, ойын әрекетін үйымдастыру бойынша әдіstemelіk ұсыныстар беріледі;

Балабақшаға қабылдану тәртібі мен мемлекеттік қолдау түрлері туралы ақпарат түсіндіріледі.

2. Қаржылық жenілдіктер мен қолдау шаралары:

Көпбалалы отбасылар үшін екінші балаға 50% жenілдік қарастырылған;

ЗПР (психикалық дамуы тежелген) диагнозы бар бір бала 100% тегін негізде балабақшаға барады;

7 бала атаулы әлеуметтік көмек (АЭК) алатын отбасылардан шыққан, олар жалпы білім беру процесіне толықтай тартылған;

Мектепалды даярлық тобы тегін негізде жұмыс істейді, бұл балалардың мектепке дайындалуына оң асер етеді.

3. Перспективалық бағыттар:

Қазірі үақытта алеуметтік осал отбасылардан шыққан 1–2 жастағы балаларға арналған қысқа мерзімді топтар ашу мүмкіндігі қарастырылуда. Ата-аналар тарапынан сұраныс пен тиісті жағдайлар жасалған жағдайда, бұл бастама мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін арттыру аясында жүзеге асырылатын болады.

Мектепке дейінгі үйым өмірлік қызын жағдайдағы отбасыларды қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Консультациялық көмек, қаржылық женілдіктер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке көзқарас көрсету арқылы сапалы мектепке дейінгі білімге тең қолжетімділік пен тәрбиеленушілердің сатті алеуметтенуі қамтамасыз етіледі.

Менгерушісі **Ж.С.Давлеткалиева**



